


Ш.Ботмуроев,
Ж.Баїзақов

ӘДӘБИЯТИМІЗ
ҲЕТИЗДЕРІ



**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСИ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫҒЫШЫК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
УНИВЕРСИТЕТИ**

Ш.Ботирова, Ж.Байзақов

**ӘДБИЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ
(оқу қолданба)**



ШЫҒЫШЫК - 2022
«Book trade 2022»

УДК 37.811.512.122
ББК 74.2:74.268.7
Б-88

АЛҒЫ СӨЗ

Ш.Ботирова, Ж.Байзақов / Әдебиеттану негіздері/ оқу қолданба, -
Шырышк: «Book trade 2022», 2023. – 116 б.

Оқу қолданбада әдебиеттану негіздерін жан-жақты меңгеруге қатысты мәселелер дәйектесілген. Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бағыты студенттеріне ұсынылып отырған осы оқу құралына әдебиеттану негіздері пәнінің оқу бағдарламасы бойынша лекция мәтіндері енгізілген. Сондай-ақ пәнді оқытудың мақсат-міндеттері және студенттердің білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар да көрсетілген.

Әрбір бөлімнің маңызын ашуға белгілі лингвист ғылымдардың пікірлері мен еңбектеріне сүйене отырып, әдебиеттану негіздері қысқа, түсінікті баяндалған. Оқу қолданба жоғары оқу орындарының 60111500 – Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі мен әдебиеті) мамандығына арналған.

Пікір білдірушілер:

У.Байқабилов - ЦИМПУ-дің «Өзбек тіл білімі»
кафедрасының оқытушысы

К.Алпамбергенов- ҚМУ-дің филология ғылымдарының докторы,
профессор

Бұл оқу қолданба Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта
арнаулы білім министрінің 2022 жылғы 19 июльдегі 233-санды
бұйрығына негізделіп, оқу қолданба ретінде басаға рұқсат етілді.
(№233-0385).

ISBN 978-9943-9512-5-9

©Ш.Ботирова ж.б., 2022
©«Book trade 2022», 2022

Әдебиеттану ғылымы қазақ топырағында туу, қалыптасу
кезеңдерінен өтіп, бүгінде күрделі даму, өсу, өркендеу үстінде.
Қазақәдебиетінің тарихын түгендеу бағытында да, әдебиет сынының
даму мәселесінде де елауір ілгерілеулер бар.

Ұлттықәдебиет тарихы мен әдебиет сынына қарағанда, күні кешеге
дейін кеңілеп келген сала – әдебиет теориясы. Солай бола тұра
әдебиет теориясын соқа тимеген тың деуге болмайды. Белгілі әдебиет
зерттеушілерініңқай-қайсысы да өздерініңәдебиет тарихына, сынына
байланысты ірілеі зерттеулерінде әдебиеттің теориясын орағытып
өткенгеі белгілі, оның бір мәселесі болмаса, бір мәселесін қозғағаны
дауыс. 1970 жылға дейін жоғары оқу орындарыныңқазақ тілі мен
әдебиеті мамандығы бөлімдерінде оқитын студенттердіңқолында
әдебиет теориясынан ана тілінде арнайы оқулық болған жоқ. Олар орта
мектепке арналған Қ.Жұмалиевтің “Әдебиет теориясы” оқулығын
пайдаланып келді. 1926 жылы жарық көрген А.Байтұрсыновтың
“Әдебиет танытқыш” атты еңбегі әдебиет теориясының мәселелерін
түгел қамтымағанымен де, осы саладағы бірден-бір оқулыққа лайық
туынды болатын. Алайда “Әдебиет танытқыш” оның авторының барлық
шығармаларымен бірге ұзақ жылдар бойы кенестік идеологияға жат
шығарма ретінде әдебиетіміздің тарихынан аластатылып келді.

Шындығында, бұл еңбек “Әдебиет танытқыш” деген атыныңөзі
өңірілеп тұрғандай әдебиет әлемін, көркем сөз табығатын, оның сырын,
мазмұнын, ерекшеліктерін, жанрларын, дүниетаным мен қоғамдағы
ролін қыруар мысалдармен дәлелдеп, байсалды ғылыми түрде
түсіндіруге арналған алғашқы тәжірибе, тұңғыш зерттеу еді.
Ұлттықәдебиеттану ғылымында қазір қолданылып жүрген негізгі
терминдер, категориялар мен ұғымдардыңқазақша өте дәл, ықпаш,
оншағлы бағамаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде
жасалды. А.Байтұрсынов тіл терминдерін жасауда қандай білімдар
болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да
сондай көмеңгер, данышпан еді. Бағалы еңбектіңәдебиетіміздің
истинадына айналған тұсында осы олқылықтардың орнын толтыру
мақсатында жоғарыдағыдай қажеттілік пен мүдделен академик
З.Қабдоловтың “Сөз өнері” (1971 жылғы алғашқы басылымында
“Әдебиет теориясының негіздері”) атты еңбегі жарық көрді.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттарға, тіл мен
әдебиет мамандарына арналған бұл оқулықта әдебиет теориясының
негіздері болып табылатын өзекті мәселелер тарихи тұрғыдан жан-

жақты қарастырылып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, нәзік әрі терең талданып берілген.

Әдебиеттану ғылымының соңғы кезеңдегі үлкен бір жетістігі ретінде академик Заки Ахметовтің редакциясымен Алматыда "Ана тілі" баспасында 1998 жылы жарық көрген "Әдебиеттану терминде-рінің сөздігі" атты жинақты атауға болады.

Әдебиетші мамандарға, студенттер мен аспиранттарға, мектеп оқушыларына арналған бұл еңбекте әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын еңкажетті ғылыми ұғымдар мен терминдер тұңғыш рет жүйелі түрде берілген. Мұнда ұлттық сөз өнерімізге, басқа да халықтардың әдебиетіне қатысты, сондай-ақ жалпы әдебиеттану ғылымына ортақ ұғым-терминдер мүмкін-дігінше толыққамтылады. Соңғы жылдары ұлттық әдеби процеске, қазақ әдебиетінің тарихына, кәзіргі әдебиеттің күрделі мәселелеріне деген көзқарастар біршама өзгеріске ұшырады. Осыған сәйкес бұл еңбекте көптеген ұғымдар мен терминдер бүгінгі күннің таным талабына сай жанаша көзқараста талданып түсіндірілген.

"Әдебиеттану ғылымына кіріспе" деп аталатын осы оқу құралы жоғарыда аталған А. Байтұрсынның "Әдебиет танытқыш", Қ. Жұмалиевтің "Әдебиет теориясы", З. Қадыловтың "Сөз өнері", З. Ахметовтің редакциясымен жарияланған "Әдебиеттану терминдерінің сөздігі" атты еңбектердің және жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған әдебиеттану ғылымына кіріспе пәні бойынша бағдарлама негізінде құрастырылды.

Кітапша осы пән бойынша лекция мәтіндерінен және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері

Әдебиеттану ғылымына кіріспе пәні филология факультеттері студенттеріне бейіндік мамандық беретін негізгі пән болып есептеледі. Орта мектеп бағдарламалары бойынша әдебиет теориясы деген жеке пәннің оқылатыны белгілі. Әдебиет теориясынан кейбір мағлұматтар әдебиет сабағында белгілі бір көркем шығарманы оқу барысында қосымша беріледі.

Көркем шығарманың мән-мазмұнын тереңуғынып, ғылыми негізде талдау жасай білуі үшін жоғары білімді, білікті маман әдебиет теориясымен қарулануы тиіс. Сол арқылы орта мектептегі әдебиеттің оқу пәні ретіндегі ең негізгі мақсаты өмір таныту, адам тәрбиелеу, халық игілігіне қызмет ететін азамат тәрбиелеу, көркем шығарма-ларды сүйіп оқытын оқырман тәрбиелеу міндеттерін іске асыра алады.

Жоғары оқу орындарында әдебиеттану ғылымына кіріспе, әдебиет теориясы пәндерін оқытудың негізгі мақсат, міндеттері де осыдан туындайды.

Әдебиеттің сөз өнері, орта мектептегі ең негізгі оқу пәні ретіндегі үлкен-тайыр міндеттерін жүзеге асыратын, әдебиет тарихының, сыныпның, әдебиет теориясының мәселелерін етжей-теңжей біліп қана қоймай оны терең ой елегінен өткізе алатын, әдебиетті халық тарихымен байланыстыра алатын білімді, білікті, өзіндік ой-пікірі, көзқарасы бар әдебиетші маман дайындау – әдебиеттану ғылымын, әдебиет теориясын оқытудың негізгі мақсаты. Сондықтан әдебиеттану ғылымына кіріспе-филолог студенттерге базалық білім беретін негізгі пән болып табылады.

Әдебиеттану ғылымына кіріспе пәнінің I курста бірінші семестрде оқытылуы студенттерді кейінгі семестрлерде үздіксіз оқылатын көпке-әдебиеттің тарихы, халық ауыз әдебиеті, түркі қоныстарының әдебиеті, әлем әдебиеті сияқты әр алуан курстарды тереңуғынып, ғылыми тұрғыдан талдау жасай білуге дайындайды.

Әдебиет теориясының негіздерінен жүйелі білім беретін жеке пәндер бола тұра әдебиеттану ғылымына кіріспе пәні-әдебиет тарихы, әдебиет сыны, тіл білімі, философия, эстетика пәндерімен тығыз байланыста оқытылады.

Студенттерге қойылатын талаптар

Әдебиеттану ғылымына кіріспе пәнінің бағдарламасында студенттерге әдебиет теориясының негіздерінен жан-жақты терең білім беру қарастырылған. Соған байланысты студенттердің білімі мен біліктілігіне мынадай талаптар қойылады:

- әдебиеттің қоғамдық сананың айрықша түрі өнер туындысы ретіндегі ерекшеліктері мен өзгешеліктерін;

- сөз өнері жайлы ғылымның негізгі және қосалқы салаларын, олардың әрқайсысының зерттеу нысаналарын;

- әдеби характер, тип, көркем образ, оның көркемдік әдіс, әдеби тек, жасалу тәсілдері тұрғысынан қарағандағы түрлерін, олардың бір-бірінен өзгешеліктерін;

- көркем әдебиеттегі тақырып пен идея (негізгі тақырыптар мен қосалқы тақырыптар, лейтмотив, тенденция, авторлық идея). Мазмұн мен түр (пішін), олардың ара-қатынасын; сюжет пен композиция, олардың кезеңдерін, сюжеттен тыс элементтерді;

- тіл байлығының қайнар көздерін, оны-нәр алуан бейнелеуіш және суреттеме құралдарын;

- әдебиеттің тегі мен жанрларын, олардың әулан тарихи кезеңдері және қазіргі дәуірдегі түрлерін;

- әдеби стиль, ағым және көркемдік әдістерді;

- өлең сөздің ерекшеліктерін, әлем әдебиетіндегі әр алуан өлең жүйелерін, қазақ әдебиетінің табиғатын, поэзиялық сипаттарын тереңірі жан-жақты білу;

Әдебиет теориясының негізгі қағидаларын қолдана отырып, кез келген көркем шығармаға заман талабы, халық, мемлекет мүддесі тұрғысынан тереңғылыми-теориялық талдау жасау талап етіледі.

ӘДЕБИЕТТІ АНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ

1. Тақырып. ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМНЫҢ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЖАҢАМА САЛАЛАРЫ

1. Әдебиеттану ғылымының негізгі салалары. Әдебиет тарихы, әдебиет өнері, әдебиет теориясының объектісі, мақсат-міндеттері.

2. Әдебиеттану ғылымының негізгі салалары, тарихнама, библиография секілді жаңама тараулары, олардың ғылымдық мәні.

3. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының туу, даму тарихына шолу.

4. Әдебиет, өнер туралы ғылымның даму тарихында маркстік-лениндік әдеттегі мен әдебиет теориясының маңызы және оған қазіргі көзқарас.

Әдебиеттану – сөз өнерін, әдебиетті зерттейтін ғылым. Әдебиет жөкем әдебиет туралы ғылым болмайды. Ол көркем сөздің табиғатын, пайда болуын, тарихи-әдеби процесі әдебиет дамуының заңдылық-тарихы, көркем әдебиетті туырушы қаламгерлердің шығармашылық-тұжырымасын зерттейді. Әдебиеттану ғылымы әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны деп аталаптын салалардан тұрады. Бұл – көркем сөз өнерінің қоғам тарихымен байланысты даму заңдылық-тарихы қарастыратын философиялық ғылым.

Әдебиет тарихы – көркем әдебиеттің қалай пайда болғанын, қайтп қалаптасқанын, қандай жолдармен дамығанын зерттейтін әдебиеттану ғылымының саласы. Әр халықтың әдебиетін тарихи қалыптасу тұрғысында қарастырып, дәуірге бөліп, әдеби бағыттарды, оған үлес қосқан ірі жазушылар творчествосын нақтылы зерттейді. Әр халықтың көркемдік даму сапарын саралап, сын көзімен сұрыптап, саралка сапа отырып, әр дәуірдің әдеби нұсқасына тарихи тұрғыдан қарап, оның өмірмен сол тұстың сана сатысына байланыстыра тексереді. Олай етпей ауыл әдебиетінің нұсқалары болсын, жеке жазушылар творчествосы болсын, әділ бағаланып, әдеби дамудағы өзіне лайық орын алуы мүмкін емес. Әдебиет тарихын зерттеушілерге ең басты талап, дәл осы тұрғыдан қойылады. Кезкелген әдеби нұсқаның эстетикалық құны мен ғылымдық мәнін бағалау үшін оған нағыз тарихи көзқарас керек. Орхон жазуындағы жырлардан бастап, жыраулар поэзиясы, Махамбет, Абай, Мәжіліс, Сәбиттердің кезкелген шығармасы бұл пікірімізге дәлел бола алады.

Әдебиет сыны – көркем шығармаларға талдап баға беруді, ерекшеліктерін ашып беруді мақсат ететін, өз тұсындағы әдеби процеспен тығыз байланысты ғылым саласы. Ол өз тұсындағы